


Газет редакторы

Жұмабай Рамазан

2024 жыл

# Зияткерлік ойын



**«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы «Canadian International School» мектебімен бірлесіп, үш тілде, оқушылар арасында «Ұлытау» қалалық зияткерлік үстел ойынына қатысып, ІІІ дәрежелі диплом жеңімпазы - Жұмабай Рамазан**

Қараша

# Қарттар үйі





**Шарапат әлеуметтік орталығы**

**Бүгін біздің мектеп парламенті мен оқушылар Қарттар үйіне арнайы барып, үлкендерге құрмет көрсетті.**

**+ Концерттік бағдарлама мен арнайы сыйлықтарымыз арқылы қарттарымыздың көңілін көтердік.**

**• Ата-әжелерімізбен жылы әңгіме-дүкен құрып, олардың өмірлік тәжірибелерінен сыр шерттік.**

# Спорт






**Астана қаласы Білім басқармасына қарасты "Өркен" балалар мен жасөспірімдер денешынықтыру орталығының ұйымдастыруымен өткен қала ұстаздары арасында "Алтын Белбеу" турнирынде мектебіміздің ұстазы Балғабек Ердәулет +90кг салмақ дәрежесінде -орын иеленді...**

Қараша

# Экскурсия



## Сарыарқа" ауданының полиция департаментіне экскурсия



**І. Есенберлин атындағы №67 гимназияның жас жол инспекторлары "Сарыарқа" ауданының полиция департаментіне барып, құқық қорғау органдарының жұмысымен танысты.**

Қараша

# Жетістіктер





**10 қазан 2024 жылы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде өткен "Сәкен Сейфуллин: халыққа арнаған өмір" атты халықаралық конференция аясында ұйымдастырылған "Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте" республикалық пікірсайыс турнирінде гимназиямыздың "РУХ" дебат клубының мүшелері 10 "Б" сынып оқушысы Ескермес Ернұр мен 9 "Д" сынып оқушысы Іляс Мұхамедәлі жүлделі 2-орынға ие болды! Керемет дайындық пен табандылық көрсеткен жетекшілері Абдурахманова А.Н. және Жуманазарова Ж.П. алғысымыз шексіз!**

**Ал 8 қараша күні өткен «Жалын Кап» турнирінде де жеңістен құр алақан қалмадық! Ақмола облысы мен Астана қаласының пікірсайысшы жастарының тартысты ойынында Ескермес Ернұр мен 9 "Л" сынып оқушысы Харияти Мағжан топ жарып, 1-орынды иеленді! Сонымен қатар, Ескермес Ернұр «Үздік спикер» атағына лайық деп танылды! Оқушыларымыздың жетістіктерін қолдаған жетекшісі Абдурахманова Асемгуль Нурлановнаға шексіз**




## "Жемқорлыққа жол жоқ" байқауының қорытындысы!

**Біз жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және жастардың адалдық құндылықтарын насихаттау мақсатында өткізілген шығармашылық байқаудың жеңімпаздарын мақтан тұтамыз!**




# Кинотайм 90-шы жылдар стилінде!




**Өткен демалыс күндері біздің оқушылар үшін ерекше өтті! Олар 90-шы жылдардың атмосферасына еніп, сол кездегі фильмдерді тамашалады. Кино кешінен кейін қызықты ойындар ойнатылып, барлық қатысушылар керемет көңіл-күйге бөленді!**

Қараша

# Үстел теннисі



**Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназияда**
**1 қараша күні күзгі демалыс кезінде үстел теннисінен жарыс өтті! Жарысқа 5-8 сынып оқушылары қатысып, барлығы жоғары деңгейде өнер көрсетті.**



I. Есенберлин атындағы
№67 гимназия

# ГИМНАЗИЯ КЕЛБЕТІ

Қараша






Мазмұны:

1 бет -…Үстел теннисі
2 бет -… KinoTime
3 бет -… Жетістіктер
4 бет -… Байқау сайысы
5 бет -… Экскурсия
6 бет -… Спорт
7 бет -… Қарттар үйі
8 бет -… Зияткерлік ойын